

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы

Құқық негіздері
(қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

Қорытынды аттестаттау спецификациясы

11-сынып

Нұр-Сұлтан
2022 жыл



Мазмұны

1	Бағалау мақсаты.....	3
1.1.	Оқу бағдарламасымен өзара байланысы.....	3
1.2	Критериалды бағалау жүйесімен байланысы	3
2.	Емтихан жұмысының сипаттамасы	3
2.1.	Бағалау міндеттері	4
2.2.	Балдарды бөлу.....	4
2.3	Емтиханды өткізу тілі	4
3.	Емтиханды өткізу процесін басқару	4
4.	Емтихан жұмысына балл қою және баға беру үдерісі	4
5.	Бағалар сипаттамасы	5
6	Тапсырмалар мен балл қою кестесінің мысалдары	5

1 Бағалау мақсаты

Білім алушылардың «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бұдан әрі – МЖМББС) сәйкес анықтау.

1.1. Оқу бағдарламасымен өзара байланысы

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Құқық негіздері» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын қамтиды. Білім алушылардың білімі мен біліктілігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары МЖМББС-ның күтілетін нәтижелерімен анықталады.

1.2 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы

Қорытынды аттестаттау критериалды бағалау жүйесінің бөлігі болып табылады, осы жүйеге сондай-ақ қалыптастырушы және жиынтық бағалау кіреді.

Критериалды бағалау жүйесі



2. Емтихан жұмысының сипаттамасы

Орындау уақыты	3 сағат
Емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады. А бөлімі ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдауды қажет ететін 15 тапсырмадан тұрады. Әр тапсырма 1 балмен бағаланады. В бөлімі қысқа және/немесе толық жауапты қажет ететін 4-5 тапсырмадан тұрады. Тапсырмалар 4-8 балмен бағаланады.	
Максималды балл	40 балл

2.1. Бағалау міндеттері

БМ 1	Білу және түсіну Білім алушылар пән бойынша базалық білімі мен түсінігін көрсетеді.
БМ 2	Қолдану, жоғары деңгей дағдылары Білім алушылар оқу пәнінің мазмұны – құқықтық сауаттылықты қалыптастырады; демократиялық құқықтық қоғам идеалдары мен құндылықтарын түсінеді; түрлі құқық салаларының ерекшеліктері мен мәнін түсіндіруді тереңдетеді; құқық нормалары, заңдар мен нормативтік құқықтық актілер арқылы қамтамасыз етілетін процестерді бағалау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін қажетті құқықтық ойлау дағдысын дамытады.

2.2. Балдарды бөлу

Бағалау міндеттеріне сәйкес балдарды бөлу кестеде берілген.

Бағалау міндеттері	Балл
1-БМ	15
2-БМ	25
Барлығы	40

2.3 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан оқыту тілінде тапсырылады.

3. Емтиханды өткізу процесін басқару

Емтихан «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларына сәйкес өткізіледі.

4. Емтихан жұмысына балл қою және баға беру үдерісі

Емтихан жұмысына балл қою үдерісін балл қою кестесі негізінде аттестаттау комиссиясы жүзеге асырады.

Білім алушыларға қойылған балл, балдарды бағаға айналдыру шәкіліне сәйкес бағаға ауыстырылады.

Емтихан жұмысының балдары	Балдардың % пайыздық мазмұны	Баға
0-15	0-39	2 (қанағаттанарлықсыз)
16-25	40-64	3 (қанағаттанарлық)
26-33	65-84	4 (жақсы)
34-40	85-100	5 (өте жақсы)

5. Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы білім алушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде білім алушыларға берілген баға оның тапсырмаларды қалай орындағанына байланысты болады.

Баға	Сипаттамасы
5	Білім алушы пән бойынша терең білімі мен түсінігін көрсетеді. Құқықтық терминдерді пайдалана отырып мазмұнын анық және жүйелі жеткізеді. Конституцияны, заң және заңнамалық актілерді қолдана отырып әртүрлі құқықтық жағдаяттар мен оқиғаларды бағалайды және интерпретация жасайды.
4	Білім алушы пән бойынша жақсы деңгейдегі білімі мен түсінігін көрсетеді. Құқықтық терминдерді пайдалана отырып мазмұнын анық және белгілі бір ретпен жеткізеді. Конституцияны, заң және заңнамалық актілерді қолдана отырып әртүрлі құқықтық жағдаяттар мен оқиғаларды бағалайды және интерпретация жасайды.
3	Білім алушы пән бойынша базалық білімі мен түсінігін көрсетеді. Ішінара құқықтық терминдерді пайдалана отырып мазмұнын жеткізуге талпынады. Конституцияны, заң және заңнамалық актілерді қолдана отырып әртүрлі құқықтық жағдаяттар мен оқиғаларға өзіндік пікірін білдіреді және интерпретация жасайды.
2	Білім алушының базалық білімі жеткіліксіз.

6 Тапсырмалар мен балл қою кестесінің мысалдары

Бұл бөлімде қорытынды аттестаттауда қолданылатын тапсырмалардың кейбір түрлері ұсынылған.

Әр тапсырманың тұсына тік жақшада [] оған ұсынылатын балл көрсетіледі.

Басшылыққа алу үшін балл қою кестесі ұсынылады. Онда әр сұрақ немесе тапсырмаға берілетін балл саны көрсетіледі.

А бөлімі

Әр сұраққа А, В, С, D, Е бес жауап нұсқалары беріледі. Дұрыс деп санаған бір нұсқаны таңдаңыз.

1. Қазақстандағы әкімшілік құқық бұзушылықты белгілеңіз.

- A) Тұтынушыларды алдау
- B) Рулық алауыздықты қоздыру
- C) Борышқордың міндеттемесін орындамауы
- D) Адам ұрлау
- E) Алиментті төлемеу

[1]

2. ҚР Мемлекеттік басқару қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыру процесінде пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық саланы анықтаңыз.

- A) Еңбек
- B) Азаматтық
- C) Әкімшілік
- D) Конституциялық
- E) Отбасылық

[1]

3. ҚР Конституциясымен бекітілген меншік түрін анықтаңыз.

- A. Мемлекеттік меншік
- B. Корпоративтік меншік
- C. Қауымдық меншік
- D. Ортақ меншік
- E. Кооперациялық меншік

[1]

4. Азаматтардың экономикалық және әлеуметтік құқығына жататынды анықтаңыз.

- A) азаматтық алу
- B) еркін жүру
- C) некеге отыру
- D) еңбегіне сай ақы алу
- E) құлдықтан азат болу

[1]

5. Әкімшілік-құқықтық қатынастар реттейтін саланы анықтаңыз.

- A) Мүліктік және мүліктік емес қатынастарды реттейді
- B) Атқарушы биліктің жүзеге асырылуын реттейді
- C) Еңбек пен жұмыспен қамтуды реттейді
- D) Азаматтардың құқықтық мүдделерін реттейді
- E) Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық қатынастарын реттейді

[1]

В бөлімі

1. Берілген жағдаяттағы компания басшылығы мен жұмыскерлерінің іс-әрекеттеріне талдау жасаңыз.

Тұрмыстық тауарлар шығаратын «Кратер» компаниясында 80 адам жұмыс істейді. Компания 2017 жылды нарықта тауарларының аз сатылуына байланысты өте көп шығынмен аяқтады. Компания директорлары кеңесінің 2018 жылдың 10 қаңтардағы шешімі бойынша компанияның барлық жұмысшыларына жалақы көлемін 30%-ға азайту керек деп жарияланды, алайда оған цех жұмысшылары қарсы шығып, келесі күні жұмысқа шықпай қойды. Одан кейін директорлар кеңесінің 12 қаңтардағы кеңесінен кейін нарықтағы жағдай түзелгенше тауар өндіру цехының 30 жұмысшысын 3 айға ақысыз демалысқа жіберу туралы шешімі шықты. Бұл шешімге цехтың барлық 60 жұмысшысы қарсы болып, сол күні ереуілге шықты. Ереуілшілердің: «Ешкім жұмыстан шығарылмасын, ақысыз демалысқа жіберілгендерге жалақының кемінде елу пайызы ай сайын төленсін» деген талабы болды. Цех жұмысшыларының талаптарына компания басшысы келесідей жауап берді: Біріншіден: нарықта тауарларының аз сатылуына байланысты компанияның барлық жұмысшыларына жалақы көлемін 30%-ға азайтуға заң мүмкіндік береді. Екіншіден: Сіздердің жұмысқа шықпай қалғандарыңыз – заңға қайшы. Үшіншіден, ақысыз демалысқа шығарылған 30 жұмысшының жалақы талап етуге құқығы жоқ. Төртіншіден: Сіздер ереуілге шығу талаптарын орындаған жоқсыздар.

1.

.....

2.

.....

3.

.....

4.

..... [4]

2. Құқықтық іс-әрекеттер мен міндеттемелер қай мемлекеттік органға тиісті? Ұяшықтарға реттік санын көрсетіңіз.

№	Құқықтық іс-әрекеттер мен міндеттемелер
1	Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді
2	Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды
3	Конституция мен заңдар негізінде және оларды орындау үшін Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады
4	Дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді
5	Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды
6	Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және ауыстырып отырады

7	Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды
8	Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады

Президент	Парламент	Үкімет	Конституциялық кеңес

[8]

3. Ерлі-зайыптылардың қандай мүліктері ортақ мүлікке, қандай мүліктері жеке пайдалану мүлкіне жататынын анықтап, кестені толтырыңыз.

Мүліктер:

- A. Күйеуінің некеге дейінгі алған үш бөлмелі пәтері
- B. Автокөлік
- C. Әйелінің бриллиант сақинасы
- D. 500 000 теңге

Ортақ мүлік	Жеке тұтыну мүлігі


[4]

4. Берілген құқықтық жағдаятты талдай отырып, жеңілдететін мән-жайларда жаза тағайындаудың 4 түрлі ерекшелігін сипаттаңыз және оның ерекшеліктерін анықтаңыз.

Көпбалалы А есімді азаматша дәрігерге қаралу мақсатында дәрігерге алдын ала жазылып қойған болатын. Алайда басқа да тығыз шаруалары шығып, дәрігердің қабылдау уақыты есіне кеш түседі. Жалма-жан көлігімен ауруханаға қарай бет алады. Қатты жылдамдықпен келе жатқан ол жаяу жүргіншілер жолағынан өтіп бара жатқан Ж есімді азаматшаны байқамай қағып өтеді. Азаматша А сол сәтте көлікті тоқтатып Ж есімді азаматшаны жедел жәрдем көлігімен, ауруханаға жеткізеді. Дәрігерлер оған шұғыл түрде ота жасайды. Науқастың жағдайы орташа ауыр еді. Ж есімді азаматшаның туыстары азаматша А-ның үстінен арыз жазып, оны кешірмейтіндіктерін және жаза алуын талап етті. Іс сотта қаралды. Сот отырысында азаматша А ісіне қатты өкінетінін және мұндай жағдай өз басында алғаш болып тұрғанын айтты. Оның адвокаты соттан шешім шығарар кезде қорғалушысының жүкті екенін ескеруін өтінді.

1.
2.
3.
4. [4]

5. Қазақстан Республикасындағы еңбек дауына қатысты төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.



[5]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша нұсқаулар
А бөлімі			
1	А	1	
2	С	1	
3	А	1	
4	D	1	
5	B	1	
В бөлімі			
1	<p>Біріншіден, еңбек кодексінің 1-тармағы тармақшасы бойынша жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндіріс, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген жағдайда жұмыс беруші еңбек шартын бұзуына немесе қайта қарауына құқылы.</p> <p>Екіншіден, жұмыскерлердің жұмысқа алдын ала ескертусіз шықпай қалуы заңға қайшы.</p> <p>Үшіншіден, еңбек кодексіне сәйкес бос тұрып қалу уақытына ақы төлеу талаптары жұмыс берушінің кінәсінен болғанда – жұмыскердің орташа жалақысының кемінде елу пайызы мөлшерінде белгіленеді.</p> <p>Төртіншіден, еңбек кодексіне сәйкес ереуілдің басталуы және болжамды ұзақтығы туралы жұмыс берушіге оны жариялағанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде ескертуге тиіс.</p>	4	Басқа да лайықты жауаптар қабылданады.
2	<p>Президент</p> <p>3. Конституция мен заңдар негізінде және оларды орындау үшін Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.</p> <p>6. Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және ауыстырып отырады.</p>	2	
	<p>Парламент</p> <p>1. Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.</p> <p>5. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды.</p>	2	
	<p>Үкімет</p> <p>2. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті</p>	2	

		атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды. 8. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.		
	Конституц. кеңес	4. Дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді. 7. Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды.	2	
3	Ортақ мүлік: Автокөлік; 500 мың теңге. Жеке пайдалану мүлік: Күйеуінің некеге дейінгі алған үш бөлмелі пәтері; Әйелінің бриллиант сақинасы.		4	
4	1. Мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы салдарынан алғаш рет қылмыстық теріс қылық алғаш рет онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасау; 2. Жүктілік; 3. Кінәлі адамның жас балаларының болуы; 4. Шын ниетімен өкіну, айыбын иойындап келу, қылмыстық құқықбұзушылықты ашуға, қылмыстық құқықбұзушылықтың басқа да сыбайлас қатысушыларын әшкерелеуге және қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде алынған мүлікті іздестіруге белсенді түрде ықпал ету.		4	
5	Еңбек даулары – жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасында пайда болатын келіспеушіліктер;		1	
	Еңбек дауы еңбек кодексінің баптары бұзылған жағдайда туындайды;		1	
	Жеке еңбек даулары келісу комиссиялары арқылы шешіледі Ұжымдық еңбек даулары шешілмеген жағдайда келесі тәртіппен қарастырылады: 1. Жұмыс беруші; 2. Татуластыру комиссиясы; 3. Еңбек арбитражы; 4. Сот.		2	
	Сот		1	